

30 қараша мен 11 желтоқсан аралығында Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығының ұйымдастыруымен «Кескіндеме өнеріндегі STEAM технологиясы» тақырыбы бойынша қашықтық форматта республикалық біліктілікті арттыру курстары өтті. Балалар көркемсурет мектебінің мұғалімдері курс дәріскерлері болды:



Магзумов Дужан Нуроллович «Пленэрдік кескіндеменің педагогикалық ресурстары суретші-педагогтердің кәсіби құзыреттіліктерін жетілдіру құралы ретінде» тақырыбы бойынша дәріс және шеберлік сыныбын өткізді.



Письмак Наталия Владимировна «Балаларға қосымша көркемдік білім беру жүйесіндегі құзыреттілікке бағытталған білім беру» тақырыбы бойынша дәріс және практикалық сабақ өткізді. «Түсті қабылдау, кескіндемедегі түс қатынастары, түс түрлері» тақырыбы бойынша шеберлік сыныбын өткізді.



Яковлева Оксана Вениаминовна «Бейнелеу өнері сабақтарында сурет салудың дәстүрлі емес тәсілдерін қолдану технологиялары» тақырыбы бойынша дәріс және шеберлік сыныбын өткізді.



Ягнюк Оксана Вячеславовна «Жас оқушыларды акварель кескіндемесін оқытудың инновациялық жүйесі мен әдістемесі бойынша оқытудың ерекшеліктері» тақырыбы бойынша дәріс және шеберлік сыныбын өткізді.



Бабасанова Назым Кайтатовна «Графикалық планшет: суретшінің заманауи құралы» тақырыбы бойынша әңгімелесу және практикалық сабақ өткізді.



Максимова Ирина Владимировна «Кескіндемені оқытудың дәстүрлі және инновациялық технологиялары» тақырыбы бойынша дәріс және шеберлік сыныбын өткізді.



Булгакова Наталья Андреевна «Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалармен жұмыста арт-терапияны қолдану» тақырыбы бойынша дәріс және шеберлік сыныбын өткізді.

Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығының әдіскерлері өткізілген дәрістер мен шеберлік сыныптарының дайындығы мен сапасын жоғары бағалады.